





Уильям ФОЛКНЕР

САРТОРИС
АЮ
АРУАКТЫ ҚОРЛАУ



Әлем әдебиеті кітапханасы







**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

**АСТАНА
2006**

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед Мұхтар, *төрага*
Ардақ Досжан, *төраганың орынбасары*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов Сауытбек
Аяған Бүркіт
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әйтімова Бірғаным
Әлімбаев Нұрсан
Әуезов Мұрат
Базылхан Нәпіл
Байпақов Карл
Биекенов Кеңес
Бұрханов Камал
Ертісбаев Ермұхамет
Кенжеғозин Марат
Қаскабасов Сейіт
Нысанбаев Әбдімәлік
Өмірбеков Байтұрсын
Салғара Қойшығара
Сариева Рысты
Сейдімбек Ақселеу
Сұлтанов Қуаныш
Таймағамбетов Жәкен
Тұяқбаева Баян
Хұсайынов Көбей

Уильям ФОЛКНЕР

САРТОРИС

АЮ

АРУАҚТЫ ҚОРЛАУ



әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

**Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек
(төраға), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.**

Орыс тілінен аударған
Мәткәрім Әкімжанов

Фолкнер Уильям.
Ф 75 Сарторис. Аю. Аруақты қорлау.
Астана: Аударма, 2006. – 496 бет.

ISBN 9965-18-173-X

Ф 4703040000 – 180
00 (05) – 06

ББК 84 Амер. 7- 44

ISBN 9965-18- 173-X

© Қазақша аудармасы, 2006
Әкімжанов М., 2006
© “Аударма” баспасы, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Американың Оңтүстігіндегі Миссисипи штатында туып өскен Уильям Фолкнер – өмірінде 19 роман және 70-тен астам әңгіме жазған қарымды қаламгер. Соның басым көпшілігі қаламгер қиялынан туған Йокнапатоф шағын округінің адамдарына арналады. Ол тіпті осы округте тұратын адамдарды да санап қойғандай сөйлейді (ақ нәсілділер 6298, ал зәңгілер 9313 адам). Бұл да ойдан шығарылған. Ойдан шығарылғаны сол емес пе, осынау өмірде жоқ округтің картасын жасап, қияли жазушы: “осының бәрі менің иелігім” деп қол қояды.

Сонымен, Йокнапатоф округі мен оның басты қаласы Джефферсонның тұрғындары қияли қаламгердің арқасында американдық әдебиетінен ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінен де берік орын алды. Ол туралы жүздеген зерттеулер жазылды, Голливуд кинофильмдер түсірді.

Йокнапатоф пен Джефферсонның тарихы 1929 жылы жарық көрген “Сарторис” романынан басталады. Сол кезеңде өмір сүрген ұлы жазушы Шервуд Андерсон оған: “Сіз, Фолкнер, ауылда өскен жігітсіз. Сіздің бар білетініміз өзіміз шыққан Миссисипидегі алақандай ғана жер. Әйтсе де соның өзі де сіздің өмірімізге жетеді” деген екен. Бұл орынды айтылған ақыл болып шықты. Ол туралы Фолкнер: “Осы бір картада жоқ аядай жерді суреттеп шығуға бүкіл өмірім жетпейтінін мен “Сарторис” романынан бастап аңғардым”, – деп жазды.

Фолкнер – нағыз американдық ұлттық жазушы. Өткен ғасырдың 20 жылдары американдық әдебиеті негізінен Париждің дәмханалары мен Сенаны жағалап жүргенде Фолкнер өзінің Миссисипиінен ұзап шыққан жоқ. Сондықтан оның тек қана Марк Твенді нағыз американдық ұстаз санауы тегін емес. Ол американдық әдебиеті, оның ұлттық мәдениеті Марк Твен мен Уолт Уитменнен бастау алады, қалғандары еуропалық мәдениеттің өкілдері деп әділ атап өтті.

Алайда Фолкнердің ұлттық ерекшелігі ұлттық томаға-тұйықтық шеңберінде қалып қойған жоқ. Ол Бальзактың, Толстойдың, Достоевскийдің, Флобердің шығармаларын сүйсініп оқыды. Оның кейіпкерлері мінез-құлықтары жағынан өзі пір тұтатын жазушылардың кейіпкерлерімен иық тіресіп қатар тұрды, соларға еліктеді. Алайда Фолкнер өзінің ұлттық материалына жүгінген кезде ғана неғұрлым үлкен табысқа жететінін білген еді. Сондықтан өзінің балалық шағы өткен Оксфорд қаласының бай плантаторлары, Солтүстікпен шайқасқан ер жүрек офицерлер ұрпағы, ак нәсілді фермерлер, оларға жалданып мақта, жүгері өсіретін зәңгілер – негізгі қаһармандар қатарынан орын алды. Олардың ішінде Уильям Фолкнердің арғы атасы, оңтүстік атты әскер полкының әскербасы да бар еді. Кейін тәп-тәуір банктің президенті болған, қарсыласын екі ауыз сөзге келместен дуэльге шақыра беретін атасы да ақыры өз бәсекелесінің қолынан қаза тапты. “Сарторис” романындағы кейіпкерлер көп жағдайда сол ұрпақтың тірі бейнелері болып келетіні сондықтан.

Осы аудармада беріліп отырған шығармалардың ең күрделісі де, көлемдісі де – “Сарторис”. Қаламгердің жас кезде жазған осы туындысынан кейін, өресі кеңіп, тынысы ашыла түскендей болды. Осында пайда болған жер жұмағы Джефферсон мен Йокнапатоф округі, оның бірін-бірі қайталамайтын тұрғындары талай-талай болашақ шығармаларына өзек болды, қарапайым тілмен айтсақ, “Сартористегі” кейіпкерлер жазушының кейінгі шығармаларына да көшіп жүрді. Олар осы топтамаға енген “Аруакты қорлаушы” романы мен “Аю” повесінде де ұшырасып отырады. Шындығын айтсақ, мұндай жағдаяттар әдеби практикада жиі кездесе бермейді. Фолкнердің өзі “бауыр басып қалған” Сартористер, Компсондар, Маккаслиндер, Де Спейндер, Мэллисондар әулеттерінің кітаптан-кітапқа көшіп жүруінің сыры біз үшін беймәлім жұмбақ күйінде қалып отыр. Негізінен алғанда құл иеленуші Оңтүстік штаттардың ірі плантаторлары болып келетін аристократтар өз мақсаттарына жету жолында ештеңеден тайсалмайтын батыл да бастамашыл жандар, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы Азамат соғысының қаһармандары. Олар осынау ит тұмсығы өтпейтін қалың орман арасына тұңғыш рет темір жол салып, өңірдің экономикалық дамуына да дәнекер болады.

Осындай қиын-қыстау кездерде олар талай-талай көзсіз ерліктерге барады. Өздерінің маңдайға жазған тағдырымен бетпе-бет келгенде осынау өмірдегі кейіпкерлердің жеңген кездері де, жеңілген кездері де, махаббат отына шарпылған кездері де болады. Кейде бұл өмірдің өз айдауына бағынғысы келмейтін жандардың өркөкіректігімен жалғасып жатады. Осындай кеудеге сыймайтын өркөкіректік, тағдырды тәлкек ету, көзсіз тәуекелшілдік ақыры “Сарторис” романындағы Баярд әулетінің түгелдей жойылып кетуіне әкеп соғады. Солардың ішінде Азамат соғысының батыры полковник Джон Сарторис та, оның соғыста өлген немерелері де, автомобиль

апатынан мерт болған 24 жастағы жас Баярд та бар. Обал-ақ! Жігерлі болған жақсы қасиет, бірақ каталдықтың жөні бір баска. Оған қоса ең жақын адамдарына, ақ махаббатына, әрбірден соң өз басына жасаған қатыгездік сатқындықпен пара-пар! Оны Құдай да, адам да кешпейді.

Осы арада салыстырмалы түрде бір нәрсені айта кеткеннің артықтығы болмас деп ойлаймыз. Хемингуэйдің “Қош бол, майдан!”, Ремарктың “Батыс майданда өзгеріс жоқ”, Олдингтонның “Батырдың ажалы” романдары “Сарториспен” шамамен бір мезгілде жарыққа шықты. Әр елде жарық көрген бұл романдардың авторларының өмірбаяндарына ортақ бір ерекшелік – олардың бәрі бірінші дүниежүзілік соғыстың от пен суынан өткендігінде еді. Олардың бәрі де соғыс өртіне шарпылған жастар болатын. Бірақ Фолкнердің “Сарторисі” соғыстың адамзатқа тигізген кесапатын әшкерелеген жоқ. Оның қаһарманы Баярдты соғыс өртінің тұтану себептері мүлдем ойландырмайды, миллиондаған замандастарының текке қырылып жатқаны толғандырмайды. Тек қана қауіп-қатерді күтіп жүретін ол өзінің туған інісі, ұшқыш Джонның өкінішті өліміне ғана қайғыратын секілді. Осы олқылық жас жазушының қомақты шығармасына көлеңке түсіргені дау туғызбайтын шындық.

Ит тұмсығы өтпейтін қалың орман, ұшқан құс, жортқан аң, дүниенің бәрін ұмытып, аң аулау қызығына берілген адамдар, адам мен тұма табиғат арасындағы арақатынас – осының бәрі “Аю” повесінде барынша жарқырай ашылған. 1942 жылы жарық көрген бұл шығармасында қаламгер табиғатты қорғау мәселесін философиялық биікке дейін көтереді. Фолкнер табиғат тіршілігін бейкүнә баланың көзімен көргісі келеді. Бала боп қуанады, бала боп таңғалады, бала боп жылайды. Адамның табиғатқа деген көзқарасы, кір шалмаған махаббаты осындай болуы керек дегенді айтпақ болады. Оқиға баланың атынан баяндалғанмен, жазушы осының бәрін өз басынан кешіргенге ұқсайды. Мұндағы еш адамға алдырмайтын әккі аю жамандық кесапаттың символы ғана емес, сонымен бірге табиғаттың бөлінбес бір бөлігі, табиғат жасаған заңдылықтың өкілі, соның қорғаушысы. Жаңа заман әкелген техниканың ғасырлар бойы жайқалып, жер бетіне қуаныш пен көріктің небір сиқырлы құдіретін сыйлап келген ну орманды қоғадай жапыруына адамның ғана емес, аңның да іші удай ашитын секілді. Сөйлейтін тілі жоқ, бірақ аңғаратыны анық. Иә, ешкімді бей-жай қалдырмайтын құбылыс деп осыны айтса керек. Бұл орманның, ондағы аң-құстардың ғана мұңы емес, сонымен қоса автордың да мұңы, тұма табиғатқа деген сағынышы. Баланың одан ажырағысы келмей жер тепкілеп жылайтын жері де осы. Содан бері бір ғасырға жуық уақыт өтсе де осы бір әлеуметтік проблема бүгінгі күнге дейін шешімін таппай келе жатыр.

Топтамаға енген соңғы роман – “Аруақты қорлауда” Фолкнер Оңтүстіктегі нәсілшілдік проблемасының психологиялық шиеленісін шешуге талпынады. Ақ нәсілді адамның қара нәсілділерді адам қатарына

қоспайтыны, заңдылықтың барлық жағдайда сақтала бермейтіні автордың гуманистік ұғымына сыймайтын секілді. Осыны ол хронологиялық уақытпен белгіленген оқиғалар тізбегі арқылы дәлелдемек болады. Шығарма сонысымен де тартымды.

Өз кезінде осынша қат-қабат проблемалардың бетін ашқан, сол үшін халықаралық Нобель сыйлығына ие болған Уильям Фолкнер өзінің дүниеауи сөзінде: “Мен өткен заманға қайта оралу идеясына қарсымын. Уақыт жылжи береді, онымен бірге прогресс те тоқтаусыз дамиды. Прогрестің тоқтағаны – өлгені. Ол дами беруге тиіс, ал біз өз адасуымыздың, өз қателігіміздің күллі қоқысын өзімізбен бірге ала кетуге тиіспіз. Сондықтан, ол кезде табиғат кіршіксіз таза еді, біз бақытты едік деп өткенді армандай бермей, бүгінгі табиғатты сақтап қалуға, оны жасарта беруге өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Біз бомбадан үрікпей, оның көзін құртудың жолын үйренуіміз керек, өйткені уақыт қозғалыстың бір бөлігі болғандықтан, біз ерте ме, кеш пе, бомбаға тағы да кездесеміз және осының бәрінен қайтадан өтеміз. Бірақ түптің түбінде адам жеңеді. Тозаққа төзген адам бәріне де төзеді, бәрін де жеңіп шығады”, – деген болатын.

Біз Фолкнер шығармаларының осындай идеялық биіктігін атап көрсете отырып, оның өзгеден болек үлкен кемшілігін де айта кетуге міндеттіміз. Фолкнер – көпсөзді, езбе жазушы. Бұл әсіресе оның әр сөзіне, әр сөйлеміне тереңдей бойлап, тұздығын сақтай отырып, дәмін кетірмей, әдеби, көркем аудару кезінде қатты байқалады. Тегінде, көпсөзділік дарындылықтың белгісі емес екендігі дау туғызбаса керек. Мұны қаламгердің тұстастары да байқаған және осы іш пыстыратын езбелігін жазушы творчествосының “ерекшелігіне”, “күрделілігіне” телуге тырысқан. Бірақ, бүгінгі талғамы биік оқушыны мұндай сылап-синаумен алдай алмайсың. Бір сағаттың ішінде бірнеше газет-журналдарды қарап шығатын, жаңалықтың бәрін теледидардан көретін бүгінгі оқушы көпсөзділікті көтермейді. Фолкнердің әсіресе соңғы романын аудару кезінде осы жағы назарға алынды, шығарманың ұзынсонар баяндауларға түсіп кетіп, малтығып шыға алмайтын кейбір тұстары ықшамдалып аударылды.

Мәткерім ӘКІМЖАНҰЛЫ.

У и л ь я м Ф О Л К Н Е Р

БІРІНШІ БӨЛІМ

1

Фолз карт, әдеттегідей, бөлмеге өзімен бірге Джон Сартористі ерте кірді; әрі марқұмның ұлы отырған, өмірден әлгінде ғана озған адамның басында банкир мен қайыршы, ексуден-екеу, жарты сағаттай отыруға тиісті осы бөлмеге бейне бір желпіп өткен самал желдей, өзінің әбден оңып кеткен комбинезонына қонған қалың шанның күн сіңген иісіне ұқсас марқұмның рухын ала келді.

Алайда уақыт пен тән азабынан ада ол бірінің құлағына бірі кезек айқайлап отырған мына екі саңырау шалға қарағанда әлдеқайда түйсіктірек еді, ал бұл кезде көрші бөлмеде қаржы операциялары қызып жатса, екі жағынан да банкке барып жалғасатын жапсарлас лапкелердегі адамдар бұлардың қабырғадан еміс-еміс естіліп тұрған дабырласқан дауыстарына құлақ тұрумен болды. Ол саңыраулықтан өлі дәуірдің елссіндей болған, ал белгісіз өтіп жатқан күндерінің ешқандай мәні жоқ мына екі таскерсеннен әлдеқайда түйсікті болатын; Фолз карт үйім деп есептейтін үш мильдей жердегі тұрағына жаяу қайта аяндаған қазірдің өзінде, қырынан қарағанда күс тұмсықтау көрінетін, аткөпір сакалы бар Джон Сарторис бейне бір ұлының қасында шарқ ұрып жүрген елестей бөлмеден шықпай отырып алды; содан да болар, айқастыра салған аяқтарын тасошақтың сұп-суық бұрышына тірсей, қалиянын жайбарақат ұстап отырған Баярд картқа әкесінің тыныс алғанына дейін естіліп тұрғандай сезілді. Өлшеусіз түйсіктің иесі болғандықтан ба, ұлына ғана орын берген, әншейінде опасыз өткінші жалған жол таба алмайтын жүрегінің тым-тырыс тас қамалына да кіріп алған секілденеді. Қалиянның әшекейлеп жонылған темекі салатын құтысы көп ұсталғаннан қара көмір болып күйе бастапты, ал сабындағы әкесінің тісінен қалған іздер бейне бір әлсіз тіршілік иелері үшін ғана жаралған жұмыр жерде

ықылым заманда пайда болып, жарық дүниеге алып болып туып, содан да не ұзақ тіршілік ете алмаған, не ізсіз жоғалып кете алмаған алыптар сүйегінің тасқа салған таңбасына үксайтын еді. Қалиянды айналдыра карап отырған көрі Баярд:

— Осынша уақыттан кейін мұны маған несіне әкелдің? — деп сұрады.

— Мұны мен полковниктің әмірімен осынша уақыт сақтап келдім, — деп жауап берді Фолз қарт. — Құдайхана — оның заттарын сақтайтын жер емес, Баярд. Жасым болса тоқсанның төртеуіне аяқ басты.

Біраз уақыттан кейін ол көр-жерін жинастырып, өз жөніне кетті ал Баярд қарт болса қалиянды қолына ұстап, басбармағымен жайлап сипаған күйі отырып қалды. Кешікпей Джон Сарторис те кетті, дәлірек айтқанда, тыныштық тапқан бакилықтардың өз үміттерінің күйрегенін сырттай бақылап жатқан жаққа кетті. Баярд қарт сонда ғана орнынан тұрып, қалиянды қалтасына салды да, тасошақтың сөресіндегі қораптан сигара алды. Ол шырпы тартқан кезде есік ашылды, маңдайында жасыл күнқағары бар адам бөлмеге кіріп келген бойда бұған қарай беттеді.

— Саймон осында, полковник, — деді ол ешбір боямасыз үнмен.

— Не дейсің? — деп сұрады Баярд шырпының үстінен сығалай карап.

— Саймон келді.

— Ә! Жаксы болды.

Келген кісі қайта бұрылды да шығып кетті. Баярд қарт шырпыны тасошакка тастай салды да сигараны қалтасына сүңгітті, конторкасын кілттеді, сосын үстінде жатқан мәуіті қалпағын алып, әлгінің соңынан бөлмеден шықты. Күнқағарлы адам мен кассир бөлмеменің арғы жағында өз жұмыстарымен әуре. Баярд қарт ауыз үйге беттеді, жасыл жалюздер ілінген есікті ашты да тысқа шықты, онда мұны көктемгі күнге сауыры жылтыраған қос күренді жегіп алып, кенеп шапаны мен тозығы жеткен цилиндрін киіп алып, ат айдаушының орнында Саймон күтіп отыр еді. Жол жиегінде ат байлайтын мама ағаш тұр — техникалық прогрестен жирене қашатын Баярд оны алып тастауға рұқсат бермей қойған болатын, бірақ Саймон оған ешқашан ат байлап көрген емес. Қашан есік ашылып, “Банк жабық” деген алтындаған жазуы бар жалюздің арғы жағынан Баярд көрінгенше сол қолына делбесін, ал оң қолына екі бүктеген қамшысын ұстаған Саймон ат айдаушының орнында отыра берді; оның күйедей қара сықпытының бел ортасында аузынан түсірмейтін және ешқашан өшпейтін

қисайта тартқан сигарасы түтіндеп тұратын және сауыры жылтыраған жегінді жылқылармен өзінше әлпештей сөйлесетін әңгімесі де таусылмайтын. Саймон жылқыларды ерекше күтеді. Ол Сартористердің алдында бас иеді, оларға әрдайым жүрегі жылып тұрады, ал жылқы баласын одан да жақсы көреді, сондықтан болар, оның қолына түскен мәстектің өзі көп ұзамай көз салушылары көп қылымсыған әйелдей немесе операның хас сұлуындай күлпырып сала беретін.

Баярд карт есікті жауып, оқтау жұтқандай кекірейген күйі тарантасқа қарай беттеді — осы арада жергілікті тұрғындардың біреуінің “Баярд сүрінбесін деңіз, ал әгәрәкім сүрініп кетті бар ма, кескен теректей сұлап түсері хак” деген сөзі еріксіз еске түседі. Кездейсоқ бірнеше адам мен көршілес лапкенің алдында тұрған екі-үш саудагер бұған иіліп тағзым етіп жатты.

Бірақ Саймон отырған орнынан түспеді. Өз нәсіліне тән білінер-білінбес шытырайған сезіммен ол сыптай бола қалып, шапанының қыртыстарын жазды, белгісіз тылсым тәсілдермен оқиғаның шырқау биігі таяғанын жылқыларға да сездірді, өйткені олар да бастарын көтеріп, елең етісіп қалды және жылтыраған сауырларының сәл ғана дір еткені байқалды, ал камшысының сабымен қалпағын бір қозғап қойған кезде әжім торлаған кара күрең сықпытынан айтып жеткізгісіз пандық қылаң бергендей болды. Баярд тарантасқа мінді, Саймон аттарға шүү жануар деуі мұң екен, осынау жол жүру салтанатын қызықтап тұрған көрермендер кейіндеп қала берді.

Бүгін Саймонның каздиып отырысында да, қалпақ киісінде де бір ерекшелік бар еді; енді сәл болмаса жасырғансып отырған әлдеқандай бір маңызды жаңалықтан жарылып кетердей. Алайда онысын шамасы жеткенше ішіне сақтап бақты. Ол бір қалыпты сар желіспен алаңда тұрған күймелерді айналып өтті де алдындағы кең көшеге қарай бұрылды, онда Баярд қайыршылар деп атайтын адамдар өз автомобильдерімен ерсілі-қарсылы жүріп жатқан болатын; мұны ол қала сыртындағы енді көктей бастаған жазыққа шығып, шаба жөнелгенше сездірмеді, алайда онша көп болмағанымен моторлы көліктер мұнда да кездесіп қалып отырды, қожасы болса іш пыстырарлық төрт мильдік жолдың құбылмалы әсеріне бөленетін адамның көнбістігімен енді жайланып отырды. Аттарын онша арындатпай енді бірқалыпты желіске салған Саймон сонда ғана мойнын бұрды.

Оның даусын аса қатты деуге де, аса бәсең деуге де болмайтындай еді, бірақ ол Баярд қартпен оп-оңай тіл табыса кететін. Басқалар

саңырау Баярдтың құлағына жетсін деп айғайлап жатқанда, Саймон бірсыдырғы әндете шығатын даусымен-ақ онымен бір-бірімен байланысы жоқ ұзақ әңгіме-дүкен құра алатын және ылғи да түсінісе білетін, әсіресе Баярд селкілдеген тарантас үстінде жақсы еститін еді.

– Мистер Баярд келіпті, – деді Саймон немкетерлік дауыспен.

Баярд қарт бір сәт сілейді де қалды, іштей немересін қарғап-сілеп отырған сынайлы, ал жүрегі құрғыр соғуын тоқтатар емес – әдеттегіден жиірек әрі жеңілдеу соғатын секілді; оның осы кезде қозғалыссыз тым-тырыс қалғаны сонша, артына бұрылып қараған Саймон оның жайбарақат жан-жағына көз тастап отырғанын көрді. Саймон даусын сәл көтеріңкірей сөйледі.

– Сағат екідегі пойызбен келіп қапты, – деп сөзін жалғастырды ол. – Басқа жағынан ескіріп түссе керек – бірден орманға тартыпты.

Бағдарламашы өз көзімен көріпті. Мен үйден шыққан кезде ол келе қойған жоқ еді. Сіздің үйде шығар деп ойладым да қойдым.

Аттардың тұяғынан көтерілген шаң арт жақта торлаған бұлттай қалықтап қалып жатыр. Жол бойында жарыса өскен ағаштардың қалың пердесінде олардың көмекші көлеңкелері өздерімен қоса жарысады – дөңселектердің шабақтары зыр айналады, аттар аяқтарын бауырын жаза сермейді, олар бейнебір бір орында дәрменсіз қалықтап тұрып қалғандай.

– Стансадан түсіп қалғысы да келмеген, – деп сөзін жалғастырды Саймон ренішпен. – Ал бұл стансаны салған өз аталары емес пе еді. Қаңғыбас адамша басқа жағынан түсе салыпты. Әскери формасын да кимеген, жай ғана костюм кие салған. Өткен жылғы жалтыраған аяқ киімі, ашық сары бриджі мен портупей таққан белдігі есіме түссе... – Ол тағы да бұрылып Баярдқа қарады. – Қалай ойлайсыз, полковник, бәлкім, оған шетелдіктердің көзі тиген болар?

– Сонда не демексің? Есі ауысып кетті демексің бе? – деп сұрады Баярд.

– Өзінің туған қаласына жасырынып келетін баукеспе секілді дегім келеді. Өзінің атасы салғызған темір жолмен. Шетелдіктердің көзі тигеннен сау емес, ал бәлкім, соңынан полицияны қоса жіберіп отырған болар, теңіздің арғы жағындағы осы соғысқа мистер Джонни екеуі алғаш аттанар алдында мен оларға онда сендер істейтін шаруа жоқ деп айтпап па едім...

– Айда! – деп ақырды Баярд. – Айда, сықпытың құрғыр қара лағынет!

Саймон таңдайын қағып қалып еді, аттар бірден жүрістерін үдетті. Жол бойындағы жарыса өскен қабырға талға олардың

қимылдарын қайталаған көлеңкелер ойнақ салады. Жол бойындағы шайырлы ағаштардың, ақ акациялар мен жабайы өскен қалың жүзімдіктердің, әр жер-әр жерлерде байқалып қалатын қызыл тал мен бүлдіргенді жасыл орманның арғы жағында егістік жер көсіліп жатыр – кейбір жерлері жыртылып тасталған, басқаларында жұмыс енді қыза бастаған, ал соқамен аударылып тасталған топырақтың құнарлы дымқыл қыртысы күн көзіне айнадай жалтырайды.

Бұл ара етегі тізбектелген көгілдір жоталарға ұласқан қыратты жер болатын, бірақ көп ұзамай жол кеңінен көсіліп жатқан аңғарға қарай құлады, мұндағы егістік шұрайлы жер іңір алдындағы тыныштықта тыныстап жатқандай еді, енді міне бұлар Баярд жеріне де аяқ басты. Жер жыртып жүрген шаруалар өтіп бара жатқан тарантасты көріп, қолдарын көтеріп сәлемдесіп жатты. Сонан соң жол темір жол торабына таяды, оны кесіп өтті, ақыры қалың емен ағаштары мен ақ акациялардың арасынан Джон Сарторис салған үй де көрінді. Саймон темір қаппадан өтіп, аттарын ирелендеген қысқа жолға салды.

Осыдан көптеген жылдар бұрын янкилердің патрулі аялдаған жерде енді дәрі шөптердің (шалфей) жүйектері өсіп тұр екен. Саймон осы жүйектерге келгенде аттың басын тартты, Баярд тарантастан түсті, Саймон аттарға тағы да шүү жануар деп таңдайын қағып қалды да синарасын басқа жағына қисайта тістеген күйі қалаға қайта бет түзеді.

Баярд өз үйінің алдында біраз уақыт тұрды. Күн сәулесінен жарқыраған ғасырлық ағаштардың арасында қарапайым ғана ақ ғимарат қалғып тұр. Галерсеяның бір жақ бетіне тұтаса шырмалған глициния деп аталатын лилия гүлдері қауыз жарып, гүл төгіпті, оның үлпілдеген ұлпалары шырмалып өскен өз тамыры мен раушан гүлінің тамырларына төгіліп жатыр. Раушан гүлі біртіндеп өзінің көршісіне үстемдік көрсете бастаған сыңайлы. Оның үстіне үлкендігі тырнақтай ғана сансыз гүл ұлпалары мен ешқандай иісі жоқ, ал үлкендігі күміс доллардан аспайтындай гүлшанақтар шашылған. Олардың сабақтарының қысқалығы сонша, тіпті үзіп алатын жерлері де жоқ.

Бірақ үй тып-тыныш екен, Баярд қарт қаңырап тұрған, бағаналармен безендірілген галереяға көтеріліп, сол арқылы абажадай үлкен холлға кірді.

Ешбір сыбдыр да, дыбыс та өлі тыныштықты бұзған жоқ. Ол холлдың орта тұсына келіп тоқтады.

– Баярд!

Қысқа ақ бағандармен безендіріліп, қызыл кілем төселген саты әдемі иіліп келіп қараңғыға сүнгіді. Кейінірек электр қуатына қосқан шамдарының үстінде салбыраған сан қырлы хрустальдары мен қалпақшалары бар көне люстра төбеден төніп тұр. Кіреберістің оң жағында, өздері қонақ бөлме деп атап кеткен және оқта-текте ғана салтанатты жиындар өткізілетін тып-тыныш бөлмеге қарай ашылатын қос қақпалы есіктің жанында кешкі батпакты тартпаның суындай жалтырап қаракөлсеңкеде биік айна тұратын. Холлдың қарама-қарсы жағындағы есіктің саңылауынан қиғаштай түскен күн сәулесі дірілдеп сан құбылады, ал сол сәуленің арғы жағынан әлдекімнің күңгірлеген даусы бірде естіліп, бірде естілмей қалады. Сөздерді анық ажырату қиындау болатын, бірақ бәрібір ол сөздерді естіп тұрған Баярд жоқ. Ол тағы да қатты дауыстады.

– Джени!

Ән тына қалды да, ол сатыға бұрылған кезде қиғаш сәулелердің арғы жағындағы есіктен бойшаң келген мулат қызы пайда бола қалды, ол жалаң аяқтарымен еденді шартылдата басқан күйі үйге кірді. Оның бояуы оңған көйлегі шолтиып, бейне бір ұзынсирак құстың аяғындай түп-түзу құлын мүшесін жасыра алар емес, ал табандары жып-жылтыр еденнің үстінде кофенің шашырандысындай сарғыш рең береді.

– Сіз бірсуді шақырдыңыз ба, полковник? – деп сұрады ол, саңырау шалдың құлағына жетсін деген оймен даусын көтере сөйлеп.

Баярд сәл кідірді, қолын жаңғақ ағашының бағанына қойды, сосын сүйкімді сары жүзді қызға жоғарыдан қарап тұрып:

– Бүгін мұнда біреу-міреу болды ма? – деп сұрады.

– Кім болушы еді, сэр, – деп жауап берді Элнора. – Мұнда ешкім жоқ. Мисс Дженни қаладағы өзінің клубына кетті.

Бір аяғын басқышқа қойып сазарып қалған Баярд оған ашулана қарады.

– Сайтанның қара сапалақтары, осы сендер маған шындарыңды неге айтпайсыңдар? – деп ақырды кенет ол. – Маған дегенде үндерің өшіп қалады.

– Құдайым-ай, полковник, егер өзіңіз немесе мисс Дженни шақырмаса мұнда кім келуші еді?

Бірақ ол бұл кезде басқыштарды ашулана тарсылдатып жоғары көтеріліп бара жатты. Соңынан қарап тұрған әйел тағы да даусын көтере:

– Бәлкім, сізге Айсомды жіберсем бе екен, бірдеңе керек пе еді? – деді.

Ол бұрылған жоқ. Бәлкім, естімеген де болар, ал ол әбден көз алдынан ұзап кеткенше әйел соңынан қарап тұра берді.

— Қартайып барады, — деді ол өзіне-өзі, сосын жалаң аяқтарын шартылдата басып келген жағына қарай кетті.

Жоғарғы холлға жеткенде Баярд тағы да кідіріп, тыныс алды. Батысқа қараған терезелердің желкөздері жабық еді, тек терезе саңылауларынан ғана жіп-жіңішке күн сәулелері түсіп тұр екен, одан айналадағы алакөлеңке қоюлана түскендей еді. Холлдың карама-қарсы жағындағы есік еңсіздеу келген торкөзді балконға апаратын-ды. Ол жерден бүкіл аңғар мен шығыс жақтағы жартылай шенбер жасай тізбектелген жоталар алақанға салғандай анық көрінетін. Осы есіктің екі жағында қорғасынды шаршыкөздерге салынған түрлі-түсті әйнектері бар ұзынша келген терезелер болатын — бұл әйнектер оны алып келген әйелмен қоса мирастық дүниеге жататын, өзінің сіңлісі Каролинадан сабан төсеген себетке салып алып келген осы дүниені Джон Сартористің шешесі көз жұмар алдында бұған мирас қалдырған болатын.

Вирджиния Дю Пре — сол әйел; ол бұларға отыздағы сарықарын әйел кезінде келді — екі-ақ жыл тұрмыста болып, содан бергі уақытты жесірлікпен өткізіп келеді. — Сартористерге тән мұрынның әдемісін тандап алғандай сымбатты келген мүсінді әрі оңтүстік әйелдерінің бәріне ортақ ылғи шаршап жүретін әйел; түрлі-түсті әйнектер салынған себетін көтерін келгені болмаса, үстіне ілінгенін киіп жүрс берген. Баярд Сартористің Маниссасе маңындағы екінші ұрысқа жетпей-ақ қаза тапқан хабарын жеткізген де осы әйел болатын. Содан бері осы оқиғаның мән-жайын ол сан рет қайталап айтып берумен келеді (сексен жасында да және, әдетте, ылғи бір қысылтаяң сәттерде сан рет қайталаумен болғанды) және қартайған сайын осы оқиға хош иісі ұзақ сақтаған сайын күшейе беретін ескі шарап секілді неше түрлі реңге еніп құлпыра берді. Ақыры, жастықтан бастары айналған осынау екі жігіттің ессіз әрекеттері екі періштенің өздерін құрбандыққа шалу арқылы адамзат ұрпағын рухани азғындықтың ғасырлар бойғы улы батпағынан аман алып шыққан даңқты да қасіретті ерлігіне айналғанша осы ертегі айтыла беретін болған.

Каролиндік бұл Баярдтың Сартористерге істемегені қалды ма. Оны тіпті елден ерекше ақ қарға деуге де болмас, нағыз құдай атып кеткен қырсыз қырсықтың өзі болатын, одан кез келген минөтте бәрін де күтуге болатын еді. Көгілдір ойнақы көзі адамды бірден баурап алатын; ширатылған сары шашы маңдайына төгіліп тұрар еді, ал қызылшырайлы жүзінен нақ бір еріккендіктің әрі

нағыз ерліктің суреті елес беріп тұратын – крест жорығынын алдындағы Бірінші Ричардтың бейнесі осындай-ақ болған шығар-ау. Бірде оның өзінің түлкі қағатын тазыларын үйірімен құлшылық етіп жатқан ауылдың шіркеуіне қуып тыққаны бар, ал жарты сағаттан соң (түлкісін алған соң) наразылық білдірген діндарлардың қалың ортасына ат-матымен кіріп келеді. Осының бәрі еріккендіктен болса керек – оның барлық іс-әрекетінен қандайда бір діни нанымға сену үшін көріпкелдікке қалтықсыз илану байқалып тұратын. Моултри форты құлап, ал губернатор оны беруден бас тартқан кезде Сартористың сандарын шапалақтап қуанған себебі сондықтан. Олар енді Баярдқа жұмыс табылатын болды деп топшылаған-ды.

Ол Виргинияда, адъютант Джеба Стюарт секілді өзіне толып жатқан жұмыстар тауып алды. Ол нағыз адъютант болатын, өйткені, Стюарттың айналасына үлкен әскери отбасы топтасқанымен, оның барлық мүшелері соғыста жеңіске жетуді қалайтын, әйтсе де кейде ұйқыларын қандырып алуды да теріс көрмейтін солдаттар еді, тек Баярд Сарторис қана бейбіт өмір әдеттегі ағысына түскенше ұйқыны қоя тұруға дайын тұратын, тіпті армандайтын адамдардың бірі еді. Ал әзірге – қаптаған мереке.

Джеб Стюарт үшін де соғыс құдайдың көктен берген сыйы болатын, ал кешікпей Солтүстік Виргиниядағы қанды ұрыстарда жарқыраған жұлдыздай болып Даңқ құшағы мен Тажал гүліне бөленген отыздағы Стюарт пен жиырма үштегі Баярд Сарторис пайда болды. Олар генерал Поуптың мазасыз әскери көгінде күтпеген жерден екі құйрықты жұлдыздай ағып өтті – оған ешқандай әскери ерлік әпермейтін дақпырт сыйлады. Және бұл жерде де, өздерінің іс-әрекеттерінен көрініп отырғандай, таза еркетотайлықтан, Джеб Стюарттың да, Баярд Сартористің де саяси сенім-нанымдары атымен болған жоқ.

Бұл оқиғаны алғаш рет Дженни апай келген бойда айтып берген болатын. Жаңа жылдың қарсаңы еді жүзінен мұнды торығушылық арылмайтын Дженни апай, қырынан қарағанда қырғиға ұқсайтын сақалды Джон Сарторис, оның үш баласы және қонақтары, шотландық инженер-механик – Джон Сарторис онымен Мексикада 45 жылы танысқан-ды, қазір ол бұған темір жол салуға көмектесіп жүрген болатын – бәр-бәрі де қайта жабдықталған кітапханадағы жаңғақ ағашы жанып жатқан тасошақтың қасында отырды.

Жол жұмыстары Христостың туған күнін тойлауға байланысты уақытша тоқтап қалғандықтан Джон Сарторис өзінің инженерімен бірге жоталардан Солтүстікке қарай ұзап бара жатқан жол

күрылысын тастап, кештете ат сабылтып үйіне келген, ал енді кешкі астан соң тасошақтың басында мамыражай мәслихат күрып отырған жайы бар. Күн ұясына қонған мезгіл, оның қызара батқан арайынан аязды ауа жұп-жұқа әйнсктей сықырлайды, кешікпей бір күшак кеспелтск ағашты көтеріп Джоби келді Ол жарылған бір-екі ағашты отқа тастап жіберіп еді, отын күрғақ аязда шытырлай жанып, ошак көмейіндегі сөне бастаған ағаш шалалары қайтадан маздап, айналаға жап-жарык сәуле шашты.

– Мерекс! – деп куана дауыстады Джоби өз нәсіліне тән ақжарқын карапайымдылықпен; ол тасошақтың жанындағы бұрышта сүйсулі тұрған янкидің мушкетін алды да оның оқпанымен жанып жатқан ағаштарды қағыстыра бастады, алтындай ұшқындап жарқыраған кып-кызыл отын ойнақ салып ошактың көмейіне қарай ұйтқи лапылдағанша араластырды. – Мерекс келді! Естимісіңдер, балалар?

Джон Сартористің үлкен қызы жиырма екіге толған болатын және өткен маусым айында тұрмысқа шыққан-ды; Баярд жиырмада, ал кіші қызы – он екіде, сонымен Джоби, жесірлігіне карамастан Дженниді де бала санайтын. Ол мушкетті орнына қойды да, май шамдарды тұтату үшін ұзын карағай бұтағынын бір ұшын отқа салды. Бірақ Дженни апайдың тежеуімен кәріліктен белі бүгіліп, шашы ағарған бишара аяғын тырпылдата басқан күйі шығып кетті, үстіндегі тозығы жеткен әскери мундир күр сүлдеріне ілініп, сүйретіліп бара жатқандай еді міне тап осы арада Дженни апай Джеб Стюартты мистер Стюарт дей отырып өзінің тарихын баяндауға кірісті.

Әңгіме сәуір күндерінің бір кеші және кофе туралы, дәлірек айтсақ, сол кофенің жоқтығы туралы болатын. Стюарттың жаңа туған, тамылжыған айлы кеште бас қосқан әскери отбасы әйелдер туралы, келмеске кеткен махаббат қызығы мол жылдар туралы әр нәрсені әңгіме қылып, үйлерін еске алып отырған-ды. Қараңғыда кермедегі аттар жер тарпып, тықырши оскырынады, алау маңында жарык коңыздар жылт-жылт етеді, жақын жерлердің бірінде генералдың деншигі гитарасын дырылдатады. Көктемнің жүрек сыздатар сағынышты кешінде ешқашан ескірмейтін жастықтың жай таптырмас күшағында, жұмыс пен атақ-даңқ дегенді мүлдем ұмытып, Виргин кештерін – бебеу қаққан скрипка үнін, самсаған май шамдардың самаладай жарығын, шыр айнала билеген жеп-жеңіл аяқ алыстарды, қайғысыз-мұңсыз күлкілерді еске алып, анда-санда: “Шіркін-ай сол күндер қайта айналып келер ме екен?” немесе: “Сол жерлерді тағы да бір рет көрер ме екенбіз?”

деген арманнан көкіректері қарс айырылып олар көп отырды. Осының бәрі өмірдің қатал талабы алдарына тартылғанша жалғаса келіп, ақыры, қысқа-қысқа, келте қайырған үзік-үзік әңгімеге ауысты. Сонда генерал орнынан сілкіне тұрып, оларды өмір шындығына қайта қайырды, кофе туралы немесе, дәлірек айтсақ, кофенің жоқтығы туралы әңгіме қайта туындады.

Кешікпей кофе туралы әңгіме де шегіне жетті, сол кезде олар аттарына міне салып, түнгі қараңғы жолдармен тартып отырды, ал кешікпей көзге түртсе көргісіз қараңғы, қалың орманға тап болды, аттар аяқтарын санап басып келеді, салт аттылар ағаштың бұтағына соғылып, ерден ауып қалмау үшін мушкеттерін немесе қылыштарын көлденең ұстап келеді; олардың әңгімелері ит тұмсығы өтпейтін қалың орман таң алдындағы ағараңдаған елестей көлденеңдеп тұрып алғанша, ал жиырма сарбаздан тұратын жасак федералдық бөлімдердің ту сыртынан бір-ақ шыққанша жалғасты. Кешікпей қараңғылық әбден сейіліп, таң атты, енді олар бой тасалауды қойып, лагерьге қайтып келе жатқан күзет жасақтары мен күрек-қайла ұстаған жұмысшылардың қатарын қас жарып, қайта шаба жөнелді де, ақырында шығар күннің алтын сәулесіне малынған төбенің басына шыға келді. Мұнда генерал Поуп өзінің штабымен бірге *al fresco**-да таңертеңгі асын ішіп отыр еді.

Екі салтағты штабтың етженді майорын тұтқынға алды. Бірнеше адам оның қаша жөнелген дастарқандас серіктерін қуып кетті де кешікпей оларды орманға қуып тықты, ал қалған жауынгерлер генералдың азық-түлігі сақталатын палаткаға бір үйір шегірткеше басып кірді және көзді ашып-жұмғанша оны тып-типыл етіп, мол олжамен атып шықты. Стюарт пен оның үш атқосшысы өздерінің сылаңдай басқан аттарын түп-тура үстелдің алдына келіп тізерлетті; офицерлердің біреуі бүйірі ысталған кофе қайнататын шәйнекті генералға ұстата берді сонымен, янкилер мушкеттерінен оқты бей берсекте атып, ағаштың ішінде айғайға басып жүргенде бұлар қантсыз әрі қаймақсыз ыстық кофені бір-біріне сыйтабақ ұсынғандай жағалатып жатты.

— Генерал Поуптың денсаулығы үшін, сэр, — деп Стюарт басын иді, ол шәйнектегі кофеден бір ұрттап, оны өз кезегінде тұтқын офицерге ұсынды.

— Ол үшін қуана-қуана ішемін, — деп жауап берді майор.

— Оның бұл арада болмағанына және өз аузымен жауап бере алмайтынына құдайыңа рахмет айт.

* Таза ауада (итал.)

— Байқауымша, тым асығыстау кетті, — деді Стюарт. — Алдын ала келісіп қойған адамы бар ма, қалай?

— Иә, сэр. Генерал Гэллекпен кездеспекші еді, — деп мойындай салды майор. — Біздің қарсыласымыз генерал Ли болмай, соның болғанына қатты өкінемін.

— Мен де өкінемін, сэр, — деп жауап берді Стюарт. — Генерал Поуптың әскери ерлігі жөнінде мен өте жоғары пікірдемін.

Бір бригададан екінші бригадаға дабыл қакқан кернейдің ащы үні бүкіл орманды жаңғырықтырды; дауылпаздардың қаһарлы даңғыры қаруға ұмтылуға шақырды; бейберекет атылған мушкеттер, атыс үні ашылған желпуіштің сытырындай бірден бірге ұзап барып ең қашық деген аванпостарға жетіп жатты, өйткені Стюарттың есімі бекеттен-бекетке асығыс тарап, орман ішінде кезіп жүрген әзірейілдің елесіндей жұрттың ұйқысын шайдай ашты. Стюарт ат үстінде отырып артына бұрылды, адамдары түгелдей жиналып, мұның соңынан қауіптен қарап, өз аттарына мініп жатыр екен, ал қуаң тартқан жүздерінде командирлерінен дарыған қайтпас қайсарлық жалыны айнадағыдай ап-анық алаулап тұр. Оң қапталдан ойламаған жерден бір мезгілде бірнеше мушкет бірден атылды, бұлардың бас жақтарындағы күн нұрына малынған жапырақтарды сатырлата тесіп өткен оқтар Баярд Сартористің қолындағы кофе қайнататын шәйнекті ұшырып түсірді.

— Атқа мінсеңіз қалай болар екен, сэр, — деді Стюарт тұтқын майорға, сыпайы айтылғанмен бұл сөздердің астарында бұрынғы сайқымазақтықтың ізі де жоқ еді. — Капитан Уайли, аздің атыңыз ең тұғырлы қазанат, қарсы болмассыз деймін...

Капитан үзеңгіден аяғын шығарды да тұтқынды артына мінгестіріп алды.

Генерал атын тебініп қалып: — Алға! — деген бұйрық берді, сол-ақ екен күллі жасақ бейне бір алып кентавр секілді төбеден төмен қарай төгіліп түсті және залп қайталанып үлгіргенше орманның атыс естілген тұсына сатырлай кірді. Бұлардың аттарының тұяғының астынан бас сауғалаған көгілдір көлеңкелер жан-жаққа бытырай қашты, ал Минье мылтығын көлденең ұстаған салтаттылар болса, қалың ағаш арасында өшігіп алған аралардай соңдарынан қалмай өршелене қуды. Қауырсынды қалпағын колына ұстаған Стюарттың ұзын жирен шашы құстың қанатындай қалықтап, аттың шабысына қарай ерлік туындай желп-желп етеді.

Арттарынан және қос қанаттан бұлардың көз ілеспес жылдамдықпен зулап аққан көлеңкелеріне қарай мушкеттер тарсылдап жатты, ал сапырылысқан орман ішін бір бригададан